*Шығ: №1, 24.04.2018 ж*

**Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің басшысына**

**«КАРАХАНИ-2010» ЖШС-і**
**Директоры Қ.Шариевтен**
**Қызылорда қ, Астана м/а, №11/1**
**8 771 421 30 33**

2018 жылдың 19 наурыз бен 17 сәуір аралығында «Шиелі кенті әкімі аппараты» КММ ұйымдастыруымен өткізілген №2409306-1 «Шиелі кенті көшелеріндегі көше жарығын жыл бойы күтіп ұстау жұмыстары» ашық конкурсына өтінім ұсынған болатынбыз. Сатып алынат жұмыстардың техникалық ерекшелігінде нысандарды ағымдағы жөндеу жұмыстары дақарастырылған. Осыған орай Біз өтінімде құрылыс-мотаж жұмыстарымен айналысуға ұсынылған III категориялы мемлекеттік лицензиясын ұсынған болатынбыз.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарына тиісті рұқсаты (лицензиясы) бар және бар объектілерді ағымдағы жөндеу жұмыстарын мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттамада көзделген материалдық және еңбек ресурстарының болуы бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келеді деп танылады. Алайда жоғарыда аталған ашық конкурстың комиссиясы біздің өтінімді КҚ талаптарына сай емес деп танып, конкурсқа қатысуға жібермеу туралы негізсіз шешім шығарып отыр және жергілікті өнім беруші «Шиелі-жарығы» ЖШС-ін толық КҚ талаптарына сай деп танылып, бір ғана әлеуетті өнім беруші жіберілуіне байланысты конкурс өтпей қалды деп танылуы туралы қорытынды хаттама шығарған. Бұл ретте комиссия мүшелерінің ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының талаптарын қадағаламай шешім шығаруы жергілікті әлеуетті өнім берушімен келісім-шарт жасасуға өз мүдделерінің болуынан туындағаны айқындалып тұр.

Жоғарыда айтылған кемшіліктерді басшылыққа ала отырып, аталған сатып алу бойынша заңды шешім қабылдауына ықпал етуіңізді сұраймын.

**«Қарахани-2010» ЖШС**
**директоры** **Қ.Шариев**